

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Теология факультеті
Оқу-әдістемелік комитет мәжілісінің

№9 Хаттамасы

Түркістан қаласы

16.05.2025 ж.

Қатысқандар: факультет деканы С.Абжалов, факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д.Жарқынбаева, факультеттің ғылым және тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасары Н.Қыпшақбаев, факультеттің оқу-әдістемелік комитет төрағасы PhD., Қ.Қалдыбай, кафедра меңгерушілері: PhD., Д.Шауенов, PhD., М.Исаев, PhD., Ф.Камалова және ОПК.

Күн тәртібінде:

- 1 Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына мониторинг нәтижелерін талдау
- 2 2024-2025 оқу жылына студенттерге, магистранттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекіту
- 3 2023-2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмысы бойынша жылдық есебін беру (2024-2025 оқу жылы бойынша)
- 4 Бағдарламалық аккредиттеу, институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстары нәтижелері туралы
- 5 Әр түрлі мәселелер: Философия кафедрасының аға оқытушысы, филос.ғ.к. Г.А. Шадинованың «Этика және эстетика» пәні бойынша әзірленген онлайн видео сабақтарының авторлық құқықтық тіркеуін Қазақстан Республикасының Интеллектуалдық меншік агенттігі (Қазпатент) арқылы рәсімдеу мәселесі қарастырылуы.

1-мәселе бойынша: Кафедра меңгерушілері PhD, Д. Шауенов, PhD, М. Исаев және PhD, Ф. Камалова сөз алып, оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын енгізу барысына жүргізілген мониторинг нәтижелерін баяндады. Мониторинг барысында интерактивті, цифрлық, қашықтықтан және гибридік оқыту құралдарының тиімділігі қарастырылды. Жүйелі талдау нәтижелері бойынша кафедраларға озық тәжірибелерді тарату, оқытушылардың кәсіби дамуын қолдау және жаңа әдістерді сабаққа енгізуді жүйелі түрде ұйымдастыру ұсынылды.

2-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жарқынбаева сөз алып, 2024–2025 оқу жылына студенттер мен магистранттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарларын бекітуді баяндады. Жоспарлар білім беру бағдарламаларының талаптарына сәйкестендіріліп, академиялық кредиттердің тиісті үлесімен үйлестірілді. Әр кафедра студенттердің оқу процесінде тепе-теңдікпен жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін жоспарларды орындауға жауапты болып бекітілді.

3-мәселе бойынша: Факультет деканы С. Абжалов сөз алып, 2023–2026 жылдарға арналған Стратегиялық даму жоспар аясында академиялық жұмыс бойынша 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық есепті таныстырды. Есепке сәйкес, факультет оқу процесін жетілдіру, ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемін арттыру және педагогикалық қызметтің сапасын жақсарту бойынша нақты нәтижелерге қол жеткізді. Сонымен қатар, келесі оқу жылында атқарылатын шаралар мен жоспарланған индикаторлар бекітілді.

4-мәселе бойынша: Факультеттің оқу ісі жөніндегі декан орынбасары Д. Жарқынбаева сөз алып, бағдарламалық және институционалдық аккредиттеу постмониторинг жұмыстарының нәтижелері туралы баяндады. Мониторинг барысында анықталған

ұсыныстар мен кемшіліктер негізінде факультетте сапаны қамтамасыз ету шаралары қабылданғаны атап өтілді. Кафедра меңгерушілері өз бөлімдерінде аккредитация талаптарын орындауды жүйелі түрде жалғастыруға міндеттелді.

5-мәселе бойынша (Әр түрлі мәселелер):

Философия кафедрасының аға оқытушысы, филос.ғ.к. Г.А. Шадинова «Этика және эстетика» пәні бойынша онлайн видео сабақтар сериясы әзірлеп, олардың оқу-әдістемелік мәнін, авторлық және инновациялық ерекшеліктерін сипаттап, патент алу мәселесін қарастырды. Бұл жұмыс барысында:

- видео сабақтардың мазмұны мен құрылымы, оқу мақсаттарына сәйкестігі көрсетілді;
- сабақтарда қолданылған интерактивті әдістер мен визуалдық материалдар авторлық құқыққа сәйкес қорғалған;
- инновациялық оқыту технологияларын пайдалану жолдары талқыланды;
- патент алуға қажетті құжаттар мен рәсімдер бойынша дайындық жұмыстары ұйымдастырылды.

Осы бастаманың мақсаты – онлайн сабақтардың құқықтық қорғалуын қамтамасыз ету және олардың педагогикалық құндылығын ресми түрде тану.

Шешім:

1. Оқытудың инновациялық әдістері мен технологияларын ендіру барысына жүргізілген мониторинг нәтижелері талданып, анықталған кемшіліктерді жою және озық тәжірибелерді кеңінен енгізу жөнінде ұсыныстар қабылдансын. Әр кафедра заманауи педагогикалық технологияларды (геймификация, проблемалық оқыту, кейс әдісі, цифрлық платформаларды қолдану және т.б.) оқу процесінде тиімді қолдануды қамтамасыз етсін.

2. 2024–2025 оқу жылына студенттер мен магистранттарға арналған бір жылдық жұмыс оқу жоспарлары талқыланып, бекітілсін. Жұмыс оқу жоспарлары білім беру бағдарламаларының типтік оқу жоспарларына және ҚР БҒМ нормативтік талаптарына толық сәйкестендірілсін.

3. 2023–2026 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары аясында академиялық жұмыс бойынша 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық есеп тыңдалып, оң бағаланды. Келесі оқу жылында білім сапасын арттыру, оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін жетілдіру және білім беру бағдарламаларының тартымдылығын күшейту бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын.

4. Бағдарламалық және институционалдық аккредиттеудің постмониторинг жұмыстарының нәтижелері назарға алынды. Аккредиттеу агенттіктерінің ұсынымдарын орындау мақсатында түзету шаралары қабылдансын және сапа менеджменті жүйесі шеңберінде тұрақты ішкі бақылау жүргізілсін.

5. Философия кафедрасының аға оқытушысы, филос.ғ.к. Г.А. Шадинованың «Этика және эстетика» пәні бойынша әзірленген онлайн видео сабақтардың авторлық құқықтық тіркеуін Қазақстан Республикасының Интеллектуалдық меншік агенттігі (Қазпатент) арқылы рәсімдеуге ұсынылсын.

**Факультеттің оқу-әдістемелік
комитет төрағасы**



Қ.Қалдыбай